

Түргенбай А.Ә.,
Оразбекова Г.Р., Қалибай Р.

**Конфуцийшілдіктің қазіргі
Қытай Халық Республикасы
қоғамының дамуына әсері**

Turgenbai A.A.,
Orazbekova G.R., Kalibay R.

**Influence of Confucianism on
development of modern society
of People's Republic of China**

Түргенбай А.А.,
Оразбекова Г.Р., Калибай Р.

**Влияние конфуцианства
на развитие современного
общества Китайской Народной
Республики**

Мақалада ХХІ ғасырдағы Қытай елінің экономикалық және әлеуметтік қарқынды дамуының себебін іздестіре отырып, қытайлық өркениеттің берік іргетасы және ежелден бүгінге дейінгі тоқтаусыз дамуының кепілі болып отырған конфуцийшілдік негізгі тірек екендігі қарастырылады.

Түйін сөздер: Конфуций, конфуций ілімі, идеология, саяси жүйе, саяси мәдениет.

In this article discusses the cause of economic and social economic development of China in the XXI century, it is regarded as Confucianism, which is a solid foundation and a guarantee from the ancient times of continuous development of the Chinese civilization.

Key words: Confucius, Confucianism, ideology, political system, political culture.

В данной статье рассматривается причина экономического и социального динамического развития Китая в ХХІ веке, так же рассматривается конфуцианство, которое является прочным фундаментом и гарантией с древних времен непрерывного развития китайской цивилизации.

Ключевые слова: Конфуций, конфуцианство, идеология, политическая система, политическая культура.

**КОНФУЦИЙШІЛ-
ДІКТИҢ
ҚАЗІРГІ ҚЫТАЙ
ХАЛЫҚ
РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚОҒАМЫНЫҢ
ДАМУЫНА ӘСЕРІ**

XX ғасырдың соңында көптеген социалистік режимдер дағдарысқа ұшырады, бірқатар социалистік мемлекеттер әлемнің саяси картасынан жоғалды. Тек қана Қытай Халық Республикасы әлемдік сахнада өзінің позициясын сақтап қана қоймай, сонымен қатар саясаты, экономикасы қарқынды дамыған мемлекет ретінде танылып отыр [1].

Көптеген зерттеушілердің пікірінше, Қытайдың социалистік құрылысты сақтап, әлемдегі ең қарқынды дамыған мемлекет болуының басты қозғаушы күші – мемлекеттік идеологиясы болып табылады.

Қытай идеологиясының басты философиясы бұл – конфуцийшілдік. Конфуцийшілдік әлеуметтік қарама-қайшылықтарды мейлінше қысқартып, тұрақты дамуды қамтамасыз ететін бір мезгілде ақылды басқару теориясы мен нәтижелі идеология болып саналады. Конфуцийшілдік саяси жүйе дағдарысқа ұшырап, мемлекеттік заңдардың жеткіліксіздігі кезеңінде пайда болды [2].

Шынында, Конфуций тұлғасы мен оның ілімі бүкіл Қытайдың ажырамас бөлігі. Сонымен қатар, конфуцийшілдік мемлекеттің ресми доктринасы ретінде танылды, ал Конфуций тұлғасы шынайы қасиеттерінің бір бөлігінен айырылып, жаңа “мінсіз” қасиеттерді бойына сіңіріп әулиелер санатына қосылды. Сондықтан да конфуцийшілдіктің ерекшеліктерін түсінсек, онда Қытай мен оның халқын да түсіне аламыз деген сөз.

Конфуцийшілдік, даосизм және легизм синтезі болған неоконфуцийшілдік 2000 жылдай уақыт Қытайдың мемлекеттік идеологиясы болып саналады. Дегенмен, бұл ағымның негізінде Конфуцийдің ілімі жатыр. Өйткені тек қана Конфуций өзінің ілімінде қытай халқына тиесілі дәстүрді біріктіріп қана қоймай, оған қоса қытай халқы мен Қытай мемлекетінің тұрақты және үйлесімді дамуының маңызды жақтарына ерекше көңіл аударды. Дәл осы философияның әсерін біз осы мақалада қарастырмақпыз.

Конфуцийшілдіктің басты мәселелерінің бірі мемлекетті басқару ісі болды. Конфуций көптеген ой-пікірлерін осыған арнаған болатын. Қытай Халық Республикасының әлемдік сахнадағы айтарлықтай прогреске жеткізіп отырған саяси жүйесінің құрылысының өзіндік ерекшеліктері бар. Сондықтан

да бірінші бөлімде біз Қытайдың саяси құрылысының ерекшеліктерін және де осы құрылысқа Конфуций ілімінің әсерін ашып көрсетуге тырысамыз.

Алдымен, Конфуцийдің мемлекеттің пайда болуы мен жұмыс істеуінің тірегі жөнінде қандай көзқарасты ұстанғанын анықтаған жөн. Көптеген ғалымдардың пікірінше, Конфуций патриархаттық теорияның жақтасы болған. Бірақ та, Конфуцийдің көзқарастарында теологиялық теорияның орны бар. Сондықтан да бұл екі теорияның синтезі нәтижесінде қалыптасқан көзқарастар деп айтуға да болады.

Конфуцийдің ілімі бойынша мемлекет – бұл бір үлкен жанұя деген қағидасында патриархаттық теория көрінеді. Императордың мемлекеттегі билігі әкенің жанұядағы билігімен, ал бір елдің құзырындағы азаматтардың қарым-қатынастары отбасындағы қарым-қатынастармен парапар. Яғни кішілер үлкендерге тәуелді, ал үлкендер кішілерге қамқор болуға міндетті [3, 60]. Конфуцийдің айтуынша, мемлекетті басқарудың негізінде адамгершілікті сүюді тәрбиелеу болу керек. Яғни ата-ананың балаға деген қамқорлығы мен отбасындағы кішілердің үлкендерге деген құрметі, сонымен қатар туыскандық байланыстары жоқ адамдар арасындағы әділ қатынастар Конфуций ілімінің адамгершілікті сүюдің негіздері болып саналады [4,24.].

Қазіргі Қытайда осы теория мемлекеттік патернализм ретінде өз көрінісін тапты. Мемлекет өзінің азаматтарына науқас, жұмыссыздық, мүгедектік және т.с. кезінде қамқорлық көрсетеді. Оның үстіне қоғам ішінде тыныштықты сақтау, жақсы отбасында ұрыс-керіс те, араздық та, күйзеліс те болмайды дегенді ұстанады. Сондықтан да кез келген мемлекеттің мақсаты отбасы бейнесі бойынша қоғам құру болу керек, өйткені отбасы бұл қоғамның ең берік бөлігі болып табылады.

Енді Конфуцийдің мемлекеттің пайда болу теориясына деген көзқарасын қазіргі теологиялық теория бойынша қарастырайық. Бұл теория бойынша, мемлекет Тәңірдің қалауымен пайда болды және мемлекет басқарушысы Тәңірдің сыйымен мемлекет пен халықты басқару билігіне ие болды, ал мемлекеттің құзырындағы азаматтар басшыға бағынуға міндетті. Қытайдың Конфуцийге дейін жазылып кеткен әдеби ескерткіштерінде де мемлекеттің Тәңір қалауымен пайда болу идеясы айқын көрсетілген, және де Конфуций де императордың Тәңір ұлы идеясын құптаған болатын [5,36].

Осындай идеялармен конфуцийшілдік мемлекетті басқаруда халықты мыңдаған жылдар бойы императорға немесе мемлекеттің басшылығында отырған адамға бағынуға үйреткен. Сондықтан да басшылықтағы адамдарға сын айтпау, тіл тигізбеу Конфуций мен оның ілімі арқасында қытай халқының санасына сіңген.

Конфуций ілімінің Қытайдың басқару жүйесіне әсерін айтатын болсақ, Конфуцийдің ойынша, мемлекетті Император басшылығымен тек қана «текті ерлер» басқару керектігін қарастырғанымыз жөн. «Текті ер» бұл – адамгершілік кемелінің, мораль нормаларына сай әрекет ететін адам үлгісі [6,24]. Жергілікті ақсүйектер мен Конфуцийдің көзқарастарының айырмашылығы – ақсүйектер шығу тегіне байланысты текті болып саналатыны, ал Конфуций ілімі бойынша адамның ішкі қасиеттеріне байланысты тектілігі айқындалатынында көрінеді. Конфуций айтып отырған ішкі қасиеттер адамның туа біткен қасиеттері емес, ол өзі осындай қасиеттерді дамытуы керек. Осындай қасиеттерін дамыту адам өмірінің басты мұраты болып табылады, ал өзін-өзі кемелдендіріп жетілдіруге ұмтылмағандар тіпті қылмыскер ретінде танылған болатын. Осы өмірлік принципке сүйене көптеген қытайлар экономикада, саясатта, өнерде, спортта және тағы да басқа да салаларда үлкен белестерге жетіп, қытай қоғамының дамуын қамтамасыз етіп отыр.

Сонымен қатар, Конфуцийдің пікірінше, мемлекеттегі әр адам өз орнын білу керек. Яғни, «мемлекет басшысы – мемлекет басшысы болу керек, шенеунік – шенеунік, әке – әке, ұл – ұл болу керек» [7, 75]. Тек қана осылай мемлекет көптеген қасырет пен сәтсіздіктен өзінің құзыретіндегі азаматтарды қорғай алады. Ал текті ерлер болса өзінің құзырындағы адамдарды тәрбиелеу керек. «Басқару – дұрыс істеу дегенді білдіреді. Егер де басқару барысында сіз дұрыс істесеңіз, кімнің теріс әрекет етуге дәті барады?», – дейді Конфуций [7,76]. Ал халық болса қалтқысыз бағынуға міндетті. Мемлекеттегі осындай жағдай мемлекеттің өз күшін қоғамдағы тұрақтылықты қамтамасыз етуге назарын аударуға емес, мемлекеттің дамуына көп көңіл бөлуіне мүмкіндік береді.

Социализм мен коммунизм саясаты мемлекеттің әлеуметтік саласына көп көңіл бөледі. Қазіргі таңда Қытайда сапалы білім, денсаулық сақтау, спорт, мәдениет және т.с жүйесі бар. Ал соңғы 30 жылда коммунизмнің кейбір жақтарын конфуцийшілдікте кездесетін жақтарымен теңестіру үдерісі орын алып жүр. Осылайша,

Қытайдағы әлеуметтік саланың жетілуі мен мемлекет азаматтарына одан әрі жақсы жағдай жасауға деген ұмтылыс конфуцийшілдік философиясының әсері екені айқын байқалады.

Конфуций мемлекетті басқаруда қатаң заңдар мен тыйым салу негізінде басқаруға қарсы болған. Конфуций мемлекетті басқару жөнінде былай деген: «Егер халықты заңмен басқарып, тәртіпті жазалау арқылы жүзеге асырса, халық қашуға ұмтылып, ар-ұятын жоғалтады. Егер де халықты адамгершілікпен басқарып, тәртіпті салт жоралары арқылы қолдайтын болса, халық ар-ұят дегенді біледі және түзеледі» [7,7].

Өкінішке орай, Қытай Халық Республикасы қазіргі даму кезеңінде Конфуцийдің өсиеттеріне сүйенбей өте қатаң заң шығару жүйесін жасады. Мысалы, мемлекетте өлім жазасына мораторий енгізілмеген және де көптеген қылмыс түрлеріне жаза басқа Батыс Еуропа мен АҚШ елдерімен салыстырғанда анағұрлым қатаңырақ. Соңғы кезде заң шығару жүйесін демократизациялау мен ізгілендіру үдерісі конфуцийшілдік дәстүрге емес, жалпы әлемдік үрдістерге байланысты жүзеге асырылып жатқаны түсінікті.

Осындай қатаң заң шығару жүйесіне байланысты халық көтеріліске шығу керек қой деген ой-пікір туындайды. Бірақ та қытай халқында бір бой ұсынғыштық сезімі бар. Осыған байланысты Конфуций былай деп айтқаны да бар: «Ата-анасын қадірлейтін және үлкендерге құрмет көрсететін адамдар ішінде жоғарыда отырған адамдарға қарсы шығатындары аз» [8, 140]. Қытайлар өзгерістерге, төңкерістерге, революцияларға сақтықпен қарайды, сондықтан да осындай жағдай Қытайда саяси тұрақтылықты қамтамасыз етіп, қарқынды даму үшін қытай экономикасына жаңа инвестициялар тартуға мүмкіндік береді.

Қытай халқы саясаттағы және экономикадағы ешқандай өзгерістерді мойындамай ғана қоймай, олар отбасының дәстүрлерін ғасырлар бойы сақтауға ұмтылады. Бұл конфуцийшілдік философияның әсері батыс-еуропалық индивидуализм, жаңашылдық түсініктеріне қарама-қарсы. Әрбір қытай азаматы бойына конфуцийшілдіктің рухани құндылықтары сіңген, өйткені конфуцийшілдік қоғамның барлық саласындағы біртұтастықты сақтауға ұмтылады.

Конфуцийшілдік философиясының Қытайдың экономикалық дамуындағы ықпалына тоқталатын болсақ, Қытай Халық Респуб-

ликасының экономикасының соңғы жиырма жылда үлкен үрдіспен дамуына Конфуций философиясындағы адамның жеке мүдделері қоғам мүдделерімен үйлесімді болуы керектігімен байланысы бар. Яғни адам өзімшілдігін тежеу арқылы қоғамның мақсаттарына жету керек, және басқаларын да осы принципті ұстануға бағыттауы қажет. Конфуций ілімі бойынша бұл адамгершілікті сүюдің өзгеше түсіндірмесі болып табылады. Яғни адамды тек қана жақсы істеріне байланысты ұнатып қана қоймай, қоғамның талаптарына сай өз өмірін бағындыра алмаса оны жек көруге де болады [3, 65].

Қазіргі таңда қытай халқының ұжымшылдығы саналы деңгейде тұр. Әрбір қытай өзін жанұяның, рудың, қоғамның, мемлекеттің бір маңызды мүшесі ретінде сезінеді. Басқаша айтқанда, қытай халқының ұлттық рухы айқын көрінеді. Цзянь Цзэминнің ҚКП-ның 16 съезіндегі баяндамасында: «Ұлттық рух – ұлттың дамуы мен тіршілік етуінің рухани тірегі. Бес мың жыл даму барысында қытай халқы ұлы ұлттық рухты тәрбиелеп алды. Оның негізінде – біртұтастық пен бірігушілік, бейбітшілдік, еңбекқорлық, батырлық пен алға ұмтылушылықпен айқындалатын патриотизм жатыр» [9].

Қорыта айтқанда, конфуцийшілдіктің дін немесе философия ретіндегі әсері өте анағұрлым. Ол мемлекеттің барлық саласын қамтиды. Қытай халқының конфуцийшілдікпен тәрбиеленген дүниетанымдық көзқарасы арқасында әлемдік сахнада ҚХР-дың қарқынды прогресін бақылап отырмыз. Осылайша, Қытай Халық Республикасының барлық бағыттардағы қарқынды дамуы оның халқының философиясы – конфуцийшілдіктің нәтижесінде. Соңғы жылдары Конфуций ілімі қытай қоғамына белсенді түрде араласуда. Қазіргі Қытай Коммунистік Партиясы Конфуций идеяларын өзінің үгіт насихаттарында қолдануда, сонымен қатар қытайлықтардың арасында қоғамдық мәселелерді шешуде Конфуций идеялары жиі кездесуде.

Бүгінгі таңдағы Қытай Конфуций ілімін балабақшадан бастап, жоғары оқу орны қабырғасына дейін оқытып отыр. Мұның бәрі қытай қоғамының атақты ұстаздың айтқандарын керек ететін дәлелдейді. Сонымен қатар қытай үкіметі шет елдерге Конфуций ілімін белсенді түрде үгіттеп және қаржыландырып жатыр. Әлемнің бірнеше үлкен университет жанынан Конфуций институттары құрылуда. Бұл институттың негізгі қызметі қытай тілі мен мәдениетін шетелге тарату.

Әдебиеттер

- 1 <http://russian.people.com.cn>.
- 2 Финансы и религии. Конфуцианство как основа современной китайской идеологии//<http://bhoga.ru/article/327/konfutsianstvo-kak-osnova-sovremennoi-kitaiskoi-ideologii>
- 3 Васильев В.А., Титаренко М.Л. История китайской философии. – М.: Прогресс, 1989. – 552 с.
- 4 Буйчик А.Г., Зайнагабдинова Э.Ч., Сорокина Е.В., История социума и демократии. В 2 кн. Книга 1: Древний мир, Средневековье и эпоха Возрождения. – СПб.: СЗ НИИ КиПН, 2007. – 150 с.
- 5 Морозова Л.А. Теория государства и права: учебник. – М.: Юрист, 2010. – 384 с.
- 6 Лейст О.Э., История политических и правовых учений: учебник. – М.: Юридическая литература, 1997. – 576 с.
- 7 Переломов Л.С., Конфуций. Лунь Юй. – М.: Восточная литература, 2000. – 588 с.
- 8 «Лунь-Юй» // Древнекитайская философия в 2-х тт., Т.1. – М., 1972. – 363 с.
- 9 Цзянь Цзэминь. Доклад на 16 Всекитайском съезде КПК// www.china.org.cn/russian/45825.htm

References

- 1 <http://russian.people.com.cn>.
- 2 Finansy i religii. Konfucijanstvo kak osnova sovremennoi kitaiskoi ideologii//<http://bhoga.ru/article/327/konfutsianstvo-kak-osnova-sovremennoi-kitaiskoi-ideologii>
- 3 Vasiliev V.A., Titarenko M.L. History kitaiskoy filasofi. – M.: Progress, 1989. – 552 p.
- 4 Buichik A.G., Zainagabdinova E.Ch., Sorokona E.V. Istorya sociuma I demokrati. V 2 kn. Kniga 1: Drevnii mir, Srednevekovye yi epoha Vozrozhdenye.– SPb.: CZ NII KiPN, 2007. – 150 p.
- 5 Morozova L.A. Teorya gosudarstva yi prava: uchebnik. – M.: <Yurist>, 2010- 384 p.
- 6 Leist O.E. Istorya politicheskikh yi pravovyh uchenii: uchebnik. – M.: Yuridicheskaya literature, 1997. – 576 p.
- 7 Perelomov L.S. Konfuci. Lun yu. – M.: «Vostochnaya literatura», 2000. – 588p.
- 8 «Lun -yu» // Drevnekitaskaya filosofya v 2-t., T.1. – M., 1972. – 363 p.
- 9 Jiang Zemin. Doclad na 16 Vsekitaiskom syezde KPK// www.china.org.cn/russian/45825.htm